

Бекітімін
мектеп-линей-интернат директоры
Р.Ш.Шамуратова



Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес туралы

1. Жалпы Ереже

1.1. Оқушылар арасындағы Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес - (ары қарай - Кеңес) мектептің жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бірі.

2.1. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заны, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заны негізінде атқарады.

2.3. Осы Ереже колледждегі қылмыстың алдын алудың нормативтік-құқықтық негізі болып табылады

2. Мақсаты мен міндеті

Кеңесті құрударғы мақсат – мектеп оқушыларының құқыққа қайши әрекеттеріне қарсы тұру, сонымен қатар олардың толыққанды сапалы білім алуына жағдай жасау.

3. Міндеті

3.1. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың, маскунемдіктің, нашақорлықтың, токсикоманияның және немқұрайлылықтың алдын алу бойынша шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру.

3.2. Бала тәрбиелеуге қатысты міндеттерін толық орындан алмайтын отбасыларды анықтау және осы отбасылармен жұмыс істей.

3.3. Ата-аналармен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша тәрбие жұмыстарын жүргізу.

3.4. Жанжал жағдайында балалардың құқықтары мен мұдделерін қорғау.

4. Кеңес құрамы

4.1. Кеңес құрамына:

- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- мектеп психологы;
- мектеп оқытушылары;
- оқушылар өзін-өзі басқару Кеңесі кіреді.

4.2. Кеңес жұмысына талқыланатын мәселелерге қатысы бар қызметкерлер, сонымен қатар органдардың, ішкі істер органдарының және денсаулық сақтау мекемелерінің өкілдері қатыса алады.

5. Жұмыс істеу тәртібі

5.1. Кеңес отырысы айына 1 рет өтеді. Қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыстар өтуі мүмкін.

5.2. Кеңес отырысында:

- жұмыс жоспары бекітіледі;
- топ жетекшілерінің, оқытушылардың есептері және анықтамалары тындалады;
- ата-аналар, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының, ішкі істер органдарының өкілдері шақырылады;
- мінездемелер бекітіледі;
- өтініштер қабылданады;
- ынталандыру немесе тәртіптік шара қолдану туралы ұсыныстар әзірленеді.

5.3. Кеңес қызметі ағымдық жылға жоспарланады.

5.4. Кеңестің шешімдері ұсыныс беру сипатында болады және ұсыныстар кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу және қадағалау мәселесі бойынша колледж жұмысын ұйымдастыруда қолданылады.

6. Кеңес құқылы

6.1. Колледждің оқу-әдістемелік үрдісі жоспарына ұсыныстар мен өзгертулер енгізуге;

6.2. Топ жетекшілерінің есебін қаруға;

6.3. Ата-аналарды әңгімелесуге шақыруға, жағдайды талдау, көмек беру, баланың құқығын қорғау үшін аз қамтылған отбасыларына баруға, қажет болған жағдайда, дисфункционалды отбасылар туралы ақпаратты қамқоршылық және қорғаншылық органдарына жіберуге;

6.4. Әкімшілікке әкімшілік шаралар қолдану туралы өтініш беруге (кәмелетке толмағандарға қатысты әкімшілік шараларды кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия қабылдауы мүмкін);

6.5. Қоғамдық қауіпті жағдайға душар болған және жеке профилактикалық жұмыстарға мұқтаж оқушыларды мектепішілік есепке қоюға, сонымен қатар тіркеуден шығаруға құқылы.

7. Оқушының мектепішілік есепке қойылуы

Оқу жылы ағымында соқушыларды тіркеу және мерзімі туралы шешім Алдын-алу кеңесінің отырысында қабылданады, онда тіркеу себебі, оның

мерзімі (3 айдан 1 жылға дейін) және тіркеуден шыгару шарттары түсіндіріледі.

7.1. Сабакқа жүйелі түрде себепсіз келмейтін (оку сағатының 15-30%), сабакқа жүйелі түрде кешігіп келетін окушылар. Сабакқа келуді есепке алу.

7.2. Ішімдік ішу, темекі шегу және басқа да бұзушылықтармен көзге түскен окушылар.

Оқытушылардың мектепішілік есепке қою туралы Алдын алу кеңесіне ұсынған өтініші.

7.3. Тәртіпті жүйелі түрде бұзатын, қоғамға қарсы мінез-құлыш әлементтерін көрсететін студенттер (дерекілік, төбелес, басқа балаларды мазақ ету, адамның қадір-қасиетін қорлау). Оқытушылардың баяндау хаттары.

7.4. Мектеп мүлкін зақымдаған окушылар. Баяндау хат.

7.6. Ішкі тәртіп ережесін бұзған окушылар.

8. Мектепішілік есептен шығарылуы

8.1. Жұмыс жүргізудің оң нәтижелері болған жағдайда Алдын алу кеңесінің отырысында окушының мектепішілік есептен шығарылуы туралы шешім қабылданады

8.2. Белгіленген мерзімнен кейін және оң нәтижелер болса, есептен шығарылу окушылардың қатысуымен Алдын алу кеңесінде жүзеге асырылады